

Есіл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 8С-9/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 қыркүйекте № 8622-03 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2021 жылғы 15 ақпандағы № 2/2 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8366 болып тіркелген);

Есіл аудандық мәслихатының "Есіл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 2/2 "Есіл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 6 маусымдағы № 8С-4/3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8580-03 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл аудандық мәслихатының төрайымы

А.Адилбаева